БЕКІТЕМІН
Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев
«_____»_____2025ж.

КЕЛІСЕМІН
Ақтау қалалық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы
_____ Е.Н. Мусагалиев
«_____»_____2025 ж.

«Ақтау- Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында «Түркі әлемінің шайыры» атты
республикалық ақындар айтысын өткізу
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Ақтау қаласы әкімшілігі, Ақтау қалалық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен, Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің ұйымдастыруымен **«Түркі әлемінің шайыры» атты** республикалық ақындар айтысын өткізеді.

1.2. Байқау Абай атындағы мәдени-демалыс кешені үлкен залында 29 сәуір күні сағ:14:00де өтеді.

2. Айтыстың мақсаттары мен міндеттері:

- Айтыскер ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, олармен шығармашылық жұмыс түрлерін жандандыру;

- айтыс өнерін мәдениетіміздің баға жетпес асыл мұрасы ретінде халыққа жан-жақты насихаттап, оның дамуына мемлекеттік деңгейде қолдау көрсету.

- Маңғыстау айтыс мектебінің шығармашылық әлеуетін насихаттау, республика аумағындағы талантты, дарынды жас ақындардың ақындық шеберлігінің шыңдалуына, көпшілікке танылуына мүмкіндік жасау.

3. Айтысты өткізудің тәртібі және шарттары:

3.1. Айтысқа жасы 18 (он сегізден) асқан 1 (бір) және Маңғыстау өңірінен 10 (он) – дейін үміткерден қатыса алады.

3.2. Айтысқа жұп ақындар қатысады.

3.3. Айтыскерлер сахнадағы жеребе тарту әдісімен жұпталады. Әр жұптан бір айтыскер жеңімпаз деп танылып, келесі айналымға өтеді.

3.4. Айтыс екі кезеңнен тұрады: іріктеу кезеңі және ақтық мәре.

3.5. Айтыс шаппа-шап сөз сайыстыру, сөз-қарымта түрінде өт
еді. Ұзын – сонар толғауға жол берілмейді. Айтыстың негізі тақырыбы ашылу керек.

3.6. Қажет болған жағдайда қазылар алқасы 3-4 айналым жасауға құқылы

3.7. Ақындардың әр жұбына 20-25 минуттан уақыт беріледі.

3.8. Айтысқа қатысушылардың қонақ үй мен тамақтану шығындары ұйымдастырушылар тарапынан.

4. Қазылар алқасы

4.1. Ақындардың өнерін бағалау, сондай-ақ, қорытынды шығару үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасы еліміздің танымал мәдениет және өнер қайраткерлерінен (айтыскер ақындар, айтыс жанрын зерттеушілер) құралады. Алқа құрамы қалалық мәдениет бөлімі арқылы бекітіледі.

4.2. Айтыскерлерді бағалау барысында:

- айтыскердің өлеңді ұйқастыру қабілетін, суырып салмалық қасиетін және тақырыптан ауытқымай айтуын, жан-жақты білімділігін, көркем теңеу мен астарлы сөздерді орынды қолданып, тақырыпты аша білуін,
- айтыстың мақсатын ұғына отырып, ұтымды, ұшқыр сөз орамдарын қолдана білуін;
- сахна мәдениеті мен киім үлгісінің ерекшеліктерін, сонымен бірге
- әр айтыскерді 10 баллдық жүйемен бағалайды;
- қатысушылардың өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды бөледі;
- қазылар алқасының шешімі талқылауға жатпайды.

5. Жүлдегерлерді марапаттау

5.1. Республикалық ақындар айтысының ашылуы мен қорытындылап жабылуы, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі салтанатты түрде өтеді.

5.2. Айтыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері қазылар алқасының шешімі бойынша дипломдарымен, ынталандыру грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

6. Тапсырыс беру шарттары:

6.1. Байқауға қатысатын үміткерлердің ұсыныс-өтінімдері 2025 жылдың сәуір айының 20 дейін тапсырылуы қажет.

1. Үміткердің төлқұжатының көшірмесі;
2. Үміткердің шығармашылық өмірбаяны;
3. 13х18 см көлемінде түрлі түсті фотосурет 1 дана
4. Сұраныс өтінімдер толтыру

Барлық аталған құжаттар мына мекен-жайға жолданады:

130000, Ақтау қаласы, Абай атындағы мәдени-демалыс кешені.

Электрондық поштасы: dk-abai@mail.ru

Байланыс телефондары: 8777 399 92 90, 8747 965 29 28, 50 – 99 -34.